

## Ақмола облысы Зеренді ауданы Зеренді ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Зеренді ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 қарашада № 6874 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 5 қазандағы қорытындысы негізінде, Зеренді ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Зеренді ауданы Зеренді ауылының көшесі қайта аталсын:

1) Мир көшесін Тәуелсіздік көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Зеренді ауылдық  
округінің әкімі*

*К.Новокрещенов*